

ӘОЖ 82.1

## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТРАСФОРМАЦИЯ

*Сұлтанқожа А.*

магистрант, Педагогикалық және гуманитарлық ғылымдар факультеті,  
Сулейман Демирель атындағы университет, Алматы қ., Қазақстан

*Мақалада қазіргі қазақ поэзиясының даму жолына тоқталып, қазақ поэзиясының трансформациялануына негіз болған өлеңдер мен авторлар жайлы бұрынғы ғылыми еңбектер мен сыни талдауларды сараптай отырып, жан-жақты әдеби шолу жасалады. Қалыптасып келе жатқан жаңа поэтикалық формалардың уәждері мен тарихи астарлары талданып, ХХІ ғасырдағы қазақ әдебиетінің өзгеру динамикасы тәңірегіндегі дискурс қарастырылады. Қазіргі қазақ поэзиясындағы жаңашылдық пен дәстүр сабақтастығын анықтау мақсатында жаңа ғасырда шағармалары оқырман қауымға таныла бастаған қаламгерлердің өлеңдеріне талдау жасалды. Олардың өлеңдеріндегі әдеби тенденциялар мен стильдік ерекшелігіне назар аударылады.*

**Кілт сөздер:** әдебиет, поэзия, ақ өлең, тәуелсіздік, трансформация.

Қазақ поэзиясының кеңістігі ғасырлар бойғы дәстүрлі формалардың түрлі мақамдары мен тақырыптық ерекшеліктеріне сай қалыптасып келді. Дегенмен, қазіргі қазақ поэзиясындағы жас ақындардың шығармаларына үнілген сайын - бір кездері сирек кездесетін өлең мәнері мен поэтикалық жаңа формалар жиі кездесуде. [1, 141] Мұндай формалар ақын ізденісінің, мазмұнды берудің бір жолы ретінде талантты ақындардың шығармаларында көрнекті орын алмаса да, тәжірибелік деңгейде көрініп жатады. Олардың ішінде кең жайылғаны – ақ өлеңдер болып айқындалады.

Ұлттың поэтикалық болмысы ұзақ уақыттан бері ұйқасқа құрылған өлең формасымен анықталып келді. Ақ өлең қазақ әдебиетінде салыстырмалы түрде аз болғанымен, қазіргі ақындар қауымының арасында эксперимент жасаушылар аз емес.

Автордың жеке дүние танымы мен әлемді сезіну түйсігі, сол танымын жеткізудегі поэтикалық образдардың көркемдігі мен күрделілігі, өзіне ғана тән даралығы өлеңді өлең ететін шарттардың ең бастысы. [1, 155] Қазақ поэзиясының кең ауқымды спектрінде ақ өлеңнің сирек кездесуі елдегі поэтикалық нормаларға әсер еткен тарихи және мәдени контексттерді зерттеуге шақырады. Халық ауыз әдебиеті мен классикалық поэтикалық формаларға қанық қара өлеңнің аясында ақ өлеңнің трансформациялық реңкі айқындала

түседі. Осы бағытта іздену арқылы біз, қалыптасқан поэтикалық конвенциялардан бас тартуға түрткі болған себептерді ажыратуымыз қажет.

Қазақ мәдениетіне өз әсерін қалдырған қоғамдық өзгерістердің бірі жиырмасыншы ғасырдың 80-жылдарындағы оқиғалар. Тәуелсіз мемлекет, тәуелсіз ел құру - ел үшін де, республика үшін де, тарихи мәні бар. Мұндай істің аясындағы оқиғалар, елдің әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар, тәуелсіздік заманы поэзиясының мазмұнын байытуға септігін тигізетін рухани құндылықтарды қамтыды. Жаңа ғасырдың босағасындағы ақпараттық трансформацияға ұшырамай, дәстүрлі мәдениетке жармасып отыра беру де еш мүмкін емес еді. Идеологиялық диктатурадан ой еркіндігіне ауысу, демократияға деген ұмтылыс және босай бастаған цензура қазақ әдебиетінің де арнасын өзгертті. Ақындар мен жазушылар ұлт болмысы мен оның трихына бойлап сана түрмесіне айналған социалистік реализмнің бұғауынан босай бастады.

Көшпенді ғұрып пен халық ауыз әдебиетінің ажырамас бөлігіне айналған қазақ поэзиясында ұйқас пен ырғақ - айнымас маңызға ие. Абай Құнанбайұлы мен Шәкәрім Құдайбердіұлының монументалды шығармалары қазақтың көшпелі өмір салтынан бастау алған тақырыптарды силлабикалық өлеңдеріне арқау етіп, ол кейіннен поэтикалық мұраға айналған. Олар қазақ өлеңінің құрылымдық жүйесін жай өлшем ретінде ғана түсінбей, өлеңнің ішкі мазмұнын ашатын ырғақтық-интонациялық жүйе ретінде оның болмысын терең таныта білді. Бұл дәстүр 20 ғасырға дейін сақталып, Мағжан мен Сәкен кезеңі поэзияда айнымалы ырғақ кестесінің алуан түрлі жасалу жолдарын ұсынды. Дәстүрлі өлең өлшемдерінің мол интонациялық мүмкіндігін танытты.

«Сонымен, поэзия өнеріндегі жаңашылдықты барлығынан бұрын жаңа мазмұннан іздеу қажеттігі шүбәсіз» деген өлеңтанушы ғалым З.Ахметов. [2, 264] Дегенмен, осы өзгерістерге қарамастан, ақ өлең елеусіз және эксперименталды өлең формасы болып келді, және оғын себептердің бірі ақындар дамып келе жатқан әдеби формаларды игеруден бұрын өздерінің мәдени болмысын сақтаумен күресті.

Кеңес дәуірі қазақ әдебиетіне елеулі өзгерістер әкеліп, жаңа тақырыптар мен поэтикалық формалар енгізді. Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде поэзияда тармақтардағы буын саны артып, лирикалық өлеңдердің ырғақтық-интонациялық жүйесі, яғни формасы оның мазмұнына жақындай түсті. Бұл кезеңде еркін өлең белгілі бір дәрежеде танылғанымен, классикалық стильдердің үстемдігі сақталған еді. Посткеңестік дәуірге келсек Олжас Сүлейменов, Мұхтар Шаханов сынды ақындар қазақтың поэтикалық өрнегінің түрленуіне өз үлесін қосып, әдеби өрлеудің жалғастырушысы болды. Дегенмен, уақыт өте келе дәстүр мен жаңашылдық арасындағы шиеленіс артып, кейінгі кезеңдегі әлеуметтік өзгерістерді көрсетіп, динамикалық пейзажды қамтитын шығармаларға сұраныс артты.

Қазіргі кезеңде қазақ поэзиясы негізінен дәстүрлі формаларды ұстанады. Дегенмен, ақ өлең жазушы авторлардың саны шектеулі болып қала береді, бұл дәстүрлі форманы сақтау мен шығармашылық эксперимент арасындағы қайшылықты меңзейді. Қазіргі өлеңдер шумақтауда еркіндікке басымдық беріп келеді. Қазіргі ақындардың шығармаларына тән үрдіс шумақтардың дәстүрлі шумақтар сияқты бір-бірімен ырғақтық симметрия түзе алмайтындығы. [1, 168] Шумақ құрылымдарын бір-біріне ұқсатпай құру арқылы өлең ырғақтық-интонациялық жүйесін тақырыптық-мазмұндық, көркемдік-бейнелілік мәселелерін қамтитын ішкі жүйесіне жақындатады.

«Күрделі заманның өнері де күрделі. Өлең аз сөйлеп, көп аңғартатынды шығарды» деген Қадыр ақынның сөзі. [3] Демек қазіргі Қазақстанның элеуметтік-мәдени динамикасын сипаттайтын қарқынды урбанизация мен жаһандану өнердің түрлі салаларындағы эксперименттердің пайда болуына септігін тигізді.

Көшпеліліктен қалалық қоғамға көшу, қазақ поэзиясының тақырыптық бағытына әсер етпей қоймады. Еркін өлең өзінің идеялық икемділігімен және дәстүрлі құрылымдардан алшақтығымен ақындардың қазіргі қазақ болмысының қыр-сырын басқаша бағдарлау құралына айналуы көздейді.

XXI ғасырдың әдеби сахнасы жаһандық өзара байланыстың нығаюымен ерекшеленді. Шетелдік ақындардың аудармалары мен цифрлық платформалар арқылы алуан түрлі поэтикалық мәтіндермен танысқан қазақ ақындары өз шығармаларының құрылымдық және мазмұндық аясын кеңейте түсті. Мәдениетаралық қатынастар қазақ ақындарын өз көркем сөз өнерінде тәжірибе жасауға итермелеуде маңызды рөл атқарды. Жаһандық идеялардың жаңғырығуы қазақ ақындары арасындағы космополиттік әдеби ортаны қалыптастыруына септігін тигізді.

Қазақ поэзиясындағы ақ өлеңнің кездесуі, ақындардың дара көркемдік өрнекке ұмтылуының айғағы болуы мүмкін. Дәстүрлі шектеулерден бас тарту қазіргі қазақ болмысының сан қырлы табиғатымен үндесетін қайталанбас поэтикалық дауысты қалыптастыра отырып, тақырыппен тікелей және жақын араласуға мүмкіндік береді.

«Бұл күндері vers libre үлкен жеңістерге жетті. Оның біздің дәуірге тән өлең екендігін айтатын уақыт келді. Оған деген проза шегіндегі проза ретінде көрінетін өлең сияқты көзқарас тарихи да, теориялық та шындық емес». [4]

Қазақ поэзиясындағы ақ өлең көбінде қазіргі уақыттың күрделі табиғатын сипаттауды мүрсе етеді. Осы орайда Файзулла Төлтайдың «Көккөңбек қабырғалар» атты өлеңінде – соңғы жылдардағы саяси жағдайға деген автордың өзіндік көзқарасы мен жайттардың интерпретациясы көрініс табады.

*Қабырғалары көккөңбек  
камераны айналып жүре бастадық,  
Дәлізден «Тоқ...», «Тоқ...» етіп келе жатқан*

*Аяқ киім даусынан қорқып.  
 Көккөңбек қабырғалар –  
 көк туды есімізге салады;  
 Ақорда төрінде ілініп тұрғанын емес,  
 алаңда желбірегенін  
 есімізге салады көккөңбек қабырғалар.  
 Біз бейне сол туды жамылып  
 Алаңда көз жұмған  
 адамның мәйіті басында  
 айналып жүрген әруақтар секілдіміз.*

Осы тұста шығармашылыққа төнген қауіп туралы ой белгілі сыншы Ә.Бөпежанованың еңбектерінде жалғасады: «Ұлттық рухани мәдениеттің әлемдік рухани айналымға түспек түгіл, өз ортасында жайсыздық сезінуі, рухани мәдениетті жасап, қалыптастырушылардың вакуумда қалып отырғандай қалып-күйі, ал әлемге танылуда да, өзімізде де ұлттық дегенге қатыстының бәрі шектен тыс декларативтік сипат алуы – ХХІ ғасырда ұлт болып емес, мәдениет есебінде ғана күн кешуге бет бұруымыздың «бүгіннен қаланып отырған негізі» демеске амал кем» . [5] Бұндай тақырыптық таңдаулар ақындардың әлеуметтік - саяси тақырыптарға тілекелей және сыни пікір білдіре алуына жол береді.

«Әрине, жаппай үрдіске айналдыруға ақ өлеңнің қиын табиғатының өзі де көне қоймас... Біздіңше, ақ өлең оны оңай олжа көргендердің емес, шындап келгенде өзіне шын сенгендердің өрнегі болатын секілді». [6]

Талантты ақынның қайсысы болмасын поэзияның күрделі түрі ақ өлеңде өз мүмкіндігін байқамай қоймасы анық. Ойды өлшемсіз өрнектеу қиындығының үстіне сол ойға қанат бітіріп, сезімнің шырқау шыңына шығара білу ақ өлеңнің асқар асуы екендігінде дау жоқ.

Мысалға Әйгерім Тәжінің келесі өлеңін оқыған адам алғашында болмашы езу тартартын, бірде оғаш естілетін, екіншіден визуалдық әсері басым шумақтың бірнеше мағынасы оқырманға екі-үш рет оқыған соң ғана байқалады. Баяндаушы «біз» дегенімен, бұл өлең бір адам жайлы. Ол кім? Бүкіл әлемге бүлік жариялаған жасөспірім бе? Шығармашылық жайлы ойға қалған қаламгер жайлы болуы мүмкін.

*Играем в крестики-нолики с Богом.  
 Он звезды рисует на небе, а я  
 Кидаю камни в зеленую воду.  
 Скучаем. Ничья.*

*Құдаймен (крестики-нолики) ойнап отырмыз  
 Ол аспандағы жұлдызды салады, ал мен  
 Жасыл айдыңға тас тастаймын*

*Зеріктік. Теңбе-тең.*

Әйгерімнің «БОГ-О-СЛОВ» жыр кітабы жайлы белгілі сыншы Виктор Бадиков «Мистикалық сөз-символды осылайша күтпеген әдіспен өз бейнесінен алшақтату – оның мәртебесін саналы түрде тұрмыстық деңгейге жақындатуды ойға салады» - десе, Галина Климова: «Әйгерім Тәжінің уақыт пен шекара шарттарын қабылдамайтын ақындығының түп тамыры қасиетті кітапта жатыр» - деп жазды.

Жаңа ғасыр өзінің екінші онжылдығын аттағалы бері қалам тербеп жүрген жас ақын жазушылардың шығармаларындағы формалық ерекшеліктер мен дәстүрден тыс жаңашыл сарындағы өлеңдері аз емес. Мұның көбі постмодерндік дәуірдегі әдістер мен стильдердің көптүрлілігімен сабақтастық табады. Қазақ қаламгерлерінің арасында еркін өлең формалары мен түрлі эксперименттерді қабылдауда түрлі көзқарастар өрбуде. Кейбіреулер оның поэтикалық пейзажға әкелетін жаңашылдығы мен шынайылығын құптаса, дәстүршілер мәдени бірегейліктің алаңдаушылық білдіріп, күмәнмен қарайды.

Еркін ұйқасты өлеңдерде өлеңге тән ырғақтық негіздерден қалғаны шумақ қана болғандықтан бунақтар сабақтастығы да, ұйқас та, белгілі бір ырғақтық-интонациялық бірліктердің жүйемен дәл немесе ерікті қайталануы да көрінбейді. Осындай жаңа үрдіспен жазылған шығармалардың сыншылар мен ақындар тарапынан бағасын алмай, елеусіз өтіп кеткені, оны жақтаушылар мен терістеушілердің болмауы әдебиетті жасаушылардың жаңалықты жатырқауы немесе оған немқұрайлылығы.

«Қазіргі поэзияның жетістік, кемшілігін айта алмай жатқандығы сынымыздың сынар езулі екендігі рас, ал оны қауым болып, қаумалап тану, оқу да азаматтыққа сын» деген көрнекті сыншы С.Әшімбаевтің пікірі қазір де өзекті. [7]

Дәстүрлі поэтикалық формалардан әлі күнге дейін тамырын жайған білім беру жүйесі жаңашыл шығармаларын қабылдауға ұмтылып келе жатқан ақындар үшін қиындық тудырады. Көбінесе тарихи нормалармен қалыптасатын қоғамдық көзқарас еркін өлеңді поэтикалық өрнектің заңды түрі ретінде кеңінен қабылдауға кедергілер жасайды. Дәстүр мен жаңашылдық арасындағы шиеленіс әсіресе оқу орындарында және әдеби ортада айқын сезіліп, еркін өлеңнің негізгі ағымға сұйық интеграциясын шектейді.

Қиындықтарға қарамастан, қазақ поэзиясындағы еркін өлеңнің келешегі зор. Виртуалды әдеби қауымдастықтардың пайда болуы ақындарға өз шығармашылығымен бөлісуге және кеңірек аудиториямен байланысуға мүмкіндік береді. Білім беру саласындағы реформалар және әлемдік әдеби тенденцияларға көбірек ену Қазақстандағы жанды және әр түрлі поэтикалық ландшафтты дамытып, еркін өлеңдерді қабылдау ортасына ықпал етуі мүмкін. Цифрлық платформалар географиялық шекарадан шығу қабілетімен еркін өлең

шығармаларын таратудың катализаторы қызметін атқарып, ақындарға дәстүрлі шектеулерден тыс өз аудиториясын табуға мүмкіндік береді.

Тарихи жағдай, мәдени динамика, ақындардың жеке ұмтылыстары поэтикалық формалардың эволюциясына ықпал етеді. Тақырыптық және формальды талдау еркін өлеңнің қазіргі қазақ болмысының қыр-сырын қамту мүмкіндігін көрсетеді. Осы орайда «Суреткер белгілі бір қоғамда өмір сүреді. Белгілі бір қоғамдық коллективтің мүддесіне ортақтасады, сондықтан оның творчествосында да белгілі қоғамдық мән және мазмұн бар» деген академик З.Қабдолов пікірі қоғам мен әдебиеттің бірлігін көрсетсе керек. Қорыта айтқанда, қазақ поэзиясындағы еркін өлең жолдарын зерттеу дәстүр мен жаңашылдықтың серпінді байланысын ашады. Қазақ поэзиясының көкжиегін кеңейтіп, оның поэтикалық пейзажын қайта анықтауға ұмтылған сан алуан дауыстарды қамтитын трансформациялық сапардың белгісі. Дискурс жалғасып келе жатқанда, еркін өлең дәстүрге төнген қатер ретінде емес, қазақ әдебиетіне жаңа серпін бермек.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.**

1. Үсенова А.Ә. Қазіргі қазақ өлеңінің құрылысы: дәстүр және даму үрдістері. - Алматы, Білім. -2010 ж.
2. Ахметов З. Казахское стихосложение. - Алматы: Наука, 1964. - 458 б.
3. Мырзалиев Қ. Сөз сиқыры. – Алматы «Жазушы», 1982. - 250 б.
4. Тынянов Ю. Проблемы стихотворного языка. Л., Academia.1924.
5. Бөпежанова Ә. Өнер мен тәжірибе: Сын-мәдениеттануымыз. Кітап I. – Алматы: Жібек жолы, 2007–328 б.
6. Шапай Т. Шын жүрек – бір жүрек. – Алматы: Жазушы, 1999. -256 б.
7. Әшімбаев С. Шығармалар жинағы. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2018, - 400 бет.
8. Қабдолов З. Сөз өнері. – 5 томдық шығармалар жинағы, 2 т, Алматы, Санат, 2003.- 316 б.

## **ТРАНСФОРМАЦИЯ В СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСКОЙ ПОЭЗИИ**

**Султанкожа А.**

*В статье рассмотрен путь развития современной казахской поэзии и рассмотрены предшествующие научные работы и критический анализ стихотворений и авторов, послуживших основой трансформации казахской поэзии, а также дан комплексный литературный обзор. Анализируются мотивы и исторические предпосылки складывающихся новых поэтических*

форм, а также рассматривается дискурс о динамике изменений в казахской литературе в XXI веке.

**Ключевые слова:** литература, поэзия, белый стих, независимость, трансформация.

## TRANSFORMATION OF MODERN KAZAKH POETRY

*Sultankozha A.*

*The article examines the development of modern Kazakh poetry and researches previous scientific works and critical analysis of poems and authors that served as the basis for the transformation of Kazakh poetry, and also provides a comprehensive literary review. The motives and historical background of the emerging new poetic forms are analyzed, and the discourse on the dynamics of changes in Kazakh literature in the 21st century is also considered.*

**Key words:** literature, poetry, blank verse, independence, transformation.

## REFERENCES

1. Ussenova A.A. Construction of modern Kazakh poetry: tradition and development trends. - Almaty. Bilim. - 2010. [in Kazakh]
2. Akhmetov Z. Kazakh poetry. - Almaty: Nauka, 1964. - 458 p. [in Russian]
3. Myrzaliev K. Word magic. - Almaty "Zhazushi", 1982. - 250 p. [in Kazakh]
4. Tynyanov Yu. The problem of poetic language. L., Academia, 1924.
5. Bopezhanova A. Art and experience: our critical cultural studies. Book I. - Almaty: Silk Road, 2007-328 p. [in Kazakh]
6. Shapai T. A true heart is one heart. - Almaty: Writer, 1999. -256 p. [in Kazakh]
7. Ashimbaev S. A. Collection of works. - Almaty: "Kazakh Encyclopedia", 2018, - 400 p. [in Kazakh]
8. Kabdолоv Z. The art of words. - Collection of works in 5 volumes, Vol. 2 , Almaty. Category, 2003, p. 316. [in Kazakh]